

пайдаланған жөн. Оқытушы мен тыңдаушы бірігіп жұмыс істегенде ғана нәтижеге қол жеткізуге болады

Соңғы жылдары жоғары оқу орындарының қызметіне баға беру өзгеру үстінде. Бұрын негізінен студенттердің дәрістер мен әдебиетке айтылғандарды қаншалықты жақсы меңгергені бағаланатын. Қазіргі кезде басты назар меңгерілген білім көлемінде ғана емес, қажетті ғылыми ақпаратты іздестіре білу қабілетіне, алда тұрған міндеттерді шешудегі шығармашылық көзқарасына, әр түрлі оқу курстарының немесе осы курстың әр түрлі тарауларының материалдарын талдай білуіне, қарапайым ғылыми зерттеу жүргізуге қатысу үшін әзірлік деңгейіне назар аударылатын болды. Қазақстандық жоғары оқу орныдарындағы оқыту жүйесінде көптеген жақсы дәстүрлер бар. Батыс еуропалық тәжірибені соқыр сеніммен қайталау біз үшін кесірлі болуы мүмкін.[3]

Қорыта айтқанда әр елдің өз дәстүрлі оқыту жүйесінің өз ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер сол елдің оқыту жүйесінің «келбеті» болып табылады, ұлттық жоғарғы оқу орындары өз келбетін сақтай оырып, жаңа оқыту әдістерін, тәсілдерін өз ерекшеліктеріне сай, саралап, талдап, тиімді пайдаланғанда ғана, сонымен қатар, әр оқытушы өз пәнінің ерекшелігіне қарай, жаңа инноватцилық тәсілдерді саралап, дәстүрлі әдістер мен байланыстырып қолдана білгенде ғана, тиімді оқыту нәтижесіне қол жеткізіп, қалыптасқан оқыту жүйесін барынша мықты және бәсекеге қабілетті етуге болады деп сенеміз.

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. [https://ehistory.kz/kz/contents/view/otan\\_tarihin\\_okitudin\\_keibir\\_metodologiyalik\\_maseleleri\\_1765](https://ehistory.kz/kz/contents/view/otan_tarihin_okitudin_keibir_metodologiyalik_maseleleri_1765) © e-history.kz
2. Исламбеков Қ., Талдахметов., Тлеуғазыұлы Ш., Дүние жүзі тарихы: ҰБТ-ға дайындық оқулық / Алматы 2017 жыл .29-3166
3. Ахметова Ш.Қ. Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесіндегі шетелдік тәжірибесі: тарихы мен тағлымы // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сер. -№ 2(81).- Алматы, - 2016. 187-189бб.

### **ШЕТЕЛДІК ТЫҢДАУШЫЛАРҒА "XVIII ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЖОҢҒАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ" ТАҚЫРЫБЫН ТҮСІНДІРУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

**Нусупбаева С.А.**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Магистр, аға оқытушы

**Жұмаділ Г.**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Магистр, оқытушы

## Аширбекова Қ.С.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың PhD докторанты

XXI ғасыр озық және жаңа технологиялар ғасыры болғандықтан, бүгінгі білім жүйесінде де осы технологияларды заман талабына сай, кеңінен қолдану сапалы білімге жетелейді. Әсіресе халықаралық деңгейдегі кредиттік жүйеге өткен жоғарғы оқу орындарында білім алушыға инновациялық үрдісте білім берудің жаңа жолдарын ашары сөзсіз. Ал "инновация" деген ұғымға қысқаша тоқталатын болсақ, бұл нақты қойылған мақсатқа, ойға алынған жаңа нәтиже. "Инновация" деген ұғымды кейбір авторлар "жаңалық", "жаңа әдіс", "өзгеріс", "әдіснама", "жаңашылдық" деп атауға болатындығын атап көрсетеді. Демек инновациялық технологияларды пайдалану дегеніміз тек қана жаңа әдіс ойлап табу деген сөз емес, сонымен қатар бұрыннан қолданып келген әдістерге жаңаша түр беру немесе сол әдіске өзгеріс енгізу болып табылады [1].

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде білім алып жатқан, Қазақстан тарихын мүлде оқымай келген қазақ диаспора тыңдаушыларын тоғыз ай көлемінде жеделдете оқыта отырып, университетке түсуге даярлау мақсатында тақырыпты меңгертіп ғана қоймай естерінде қалдыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланамыз. Бүгінгі біздің мақаламызға арқау болып отырған күрделі тақырыптардың бірі "XVIII ғасырдың басындағы жоңғар шапқыншылығы".

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік:** "XVIII ғасырдың басындағы жоңғар шапқыншылығы" жайлы жүйелі білім беру

**Тәрбиелік:** Шетелден келген қандастарымызды өз елінің тарихын білумен қатар, ұлтжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

**Дамытушылық:** Тыңдаушылардың тарихи оқиғалар жөнінде өз көзқарасын қалыптастырып, ой қорытуға дағдыландыру

**Сабақтың түрі:** Аралас сабақ.

**Сабақ әдісі:** Проектор қолдану арқылы презентациямен баяндау.

**Сабақтың көрнекілігі:** карта, кесте, тірек-сызба, тақырыпқа қатысты суреттер. **Сабақтың барысы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі;

II. Үй тапсырмасын сұрау;

III. Жаңа сабақ;

IV. Сабақты бекіту;

V. Сабақты қорытындылау;

VI. Тыңдаушыларды бағалау;

VII. Үйге тапсырма беру.

1. **Ұйымдастыру.** Тыңдаушылармен амандасу, түгендеу, жағымды атмосфера қалыптастыру.

2. *Үй тапсырмасын сұрау.* Ең алдымен тыңдаушылардан үй тапсырмасын сұраудан бастаймыз. Үй тапсырмасын сұрау қазақ диаспора өкілдерін аудиторияға баулу бағытында тақтаға шығып тақырыпты еркін сөйлеуге мүмкіндік беру әдісі арқылы қолданылады. Сонымен қатар дискуссия арқылы тақырыпты жан-жақты талқылау тыңдаушылардың құзырына беріледі. Бұл аудиторияны ұйымшылдыққа, зейін қойып тыңдауға, өз ойын еркін айтуға тәрбиелейді.

III. Жаңа сабақ. "XVIII ғасырдың басындағы жоңғар шапқыншылығы" жайлы жүйелі білім беру».

### **Сабақ жоспары:**

I. Қазақ хандығының ХУІІІ ғасырдың бас кезіндегі ішкі және сыртқы жағдай

II. Жоңғар мемлекетінің құрылуы

III. Қазақ хандығына жоңғар шапқыншылықтарының себептері

IV. "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама"

**1. Қазақ хандығының ХУІІІ ғасырдың бас кезіндегі ішкі және сыртқы жағдайы.** Тәуке хан билік еткен тұста (1680-1715/1718 жж) қазақ хандығы бір орталыққа бағынған мемлекет, "Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған кезең" болды. "Ол (Тәуке ) ру-тайпалар жерінің аумағын нақты белгілеп, жер пайдаланудың тәртібін енгізді", деп жазған ХІХ ғ. орыс ғалымы И.Крафт. Орыс тарихшысы А.И. Левшин Тәуке ханның қазақтарды парасаттылығымен, әділеттілігімен өзіне бағындырғаны туралы жазған. Тәуке ханның әскерінің саны 80 мың болған. 1698 жылы жоңғарлар 40 әскерімен қазақ жеріне басып кірді. Жоңғарияның басты мақсаты: Қазақ елінің тәуелсіздігін жойып, ұлан-байтақ жерді өзіне қарату еді. Қазақ-жоңғар күресінің негізінде жайылымдық жерлер үшін күрес жатты.

1710 жылы Қарақұмда қазақ жүздерінің белгілі өкілдері бас қосып, жоңғарларға соққы беру мәселесін талқылады. Қарақұм кеңесінің шешіміне сәйкес жоңғарларға қарсы біріккен халық жасағы құрылды. 1711 - 1713 жж қазақ жасақтары жоңғарларға тойтарыс берді. 1718 жылы Аягөз маңында шайқасы болды. Алғашқы күндері жоңғарларды жеңген қазақ жасақтары Әбілқайыр мен Қайыптың соғысты келісіп жүргізбеуінен жеңіліс тапты. Аягөз соғысында қазақ жасақтарына басшылық еткен батырлар Қабанбай мен Жауғашар еді. 1718 жылы жоңғарлар Жетісу жерінен Арыс, Бөген, Шаян өзендеріне дейін, одан ары Қазақ хандығының астанасы Түркістанға дейін жетті. 1718 жылы Арыста жоңғар әскерлері екінші рет жеңіске жетті.

Тәуке ханнан кейін оның мұрагері Қайып хан (1716-1719 жж. билік еткен) қазақ мемлекетінің тұтастығын ұстап тұра алмады. Сұлтандардың аймақтық сепаратизмі күшейді. Кіші жүзде - Әбілқайырдың, Орта жүзде - Болат, Сәмеке, Күшіктің, Ұлы жүзде - Жолбарыстың билігі нығая түсті.

ХУІІІ ғасырдың бас кезінде қазақ хандығы іштей ыдырай бастады. Ресей көшпелі Жоңғар мен Қазақ хандығының ыдырауына мүдделі болды.

### **ХУІІІ ғасырдың басында қазақ жеріне қауіп төндіргендер:**

1. Еділ қалмақтары 2. Жоңғарлар 3. Башқұрттар 4. Орал казактары 5. Сібір казактары 6. Бұқар, Хиуа хандықтары

**2. Жоңғар мемлекетінің құрылуы .** 1635 жылы Қазақстанның оңтүстік-шығысында Батыр қонтайшы Жоңғар мемлекетін құрды. Жоңғарларды Орта Азиялық деректерде ойраттар деп атаған. 1640 жылы жоңғарлар "Далалық жарғы" деген атпен әскери және азаматтық заңдар жинағын шығарды. Майдан алаңын тастап кеткендерге мал-мүліктік айып салынды, сатқындар өлім жазасына кесілді. Соғыс кезінде 100 мыңға дейін әскер шығара алды. ХҮІІІ ғасырда неміс ғалымы И.Геогри "Олар мылтықтарын аттан түсіп ататын", - деп жазды. Оқ-дәріні селитра мен күкірттен жасап алатын. Қылыш, сауыт, найза т.б. қару-жарақтарды жасайтын. Жоңғарларға зеңбірек құюды швед Иоган Густав Ренат үйретті. ХҮІІ ғасырда білтелі мылтық пайда болды. Басқа мемлекеттердің шекарасында жұмыс істейтін тыңшылар болды.

Жоңғарлар көшпелі және жартылай көшпелі халық еді. Жетісу мен Сырдария басып маңызды сауда жолдарын қолға түсіргісі келді.

### **3 . Қазақ хандығына жоңғар шапқыншылықтарының себептері**

1. Жоңғарлардың сауда жолы торабына бақылау орнатуға тырысуы
2. Алым-салық төлейтін тәуелді халықтың санын ұлғайту
3. Еділ қалмақтарымен байланыс орнату
4. Жергілікті тұрғындарды тәуелділікте ұстау
5. Шұрайлы жайылымдар мен сауда-қолөнер орталықтарын басып алу)

**4 "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама".** 1722 жылы Жоңғарлармен ұзақ соғысқан қытай императоры Канси қайтыс болды. Жоңғарлар қытаймен бейбіт келісімге келіп, енді қазақ жеріне соғыс ашу үшін Еділ бойындағы қалмақтардың ханы Аюкеге елші жіберді. Ертіс бойына әскери бекініс салып жатқан Ресейге Жоңғар мемлекеті өте қауіпті емес еді. Ресей көшпелі екі мемлекеттің бір - бірімен соғысып әлсірегенін күтті. Сондықтан Ресей бейтараптық саясат ұстанды. 1723 жылы Цеван Рабдан бастаған 70 мың жоңғар қазақ жеріне басып кірді. "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама" кезінде жоңғар шапқыншылығы кезінде Жетісу мен Ертіс қазақтары алғаш тұтқиылдан кірген жоңғарларға қазақтар төтеп бере алмай бас сауғалап қашуға мәжбүр болды. Жау жағы сан жағынан басым болғанына қарамастан, қазақ жауынгерлері тегеурінді қарсылық көрсетті. Жоңғарлар Ташкент, Сайрам, Түрксітан сияқты қалаларды басып алды. Қазақ жерінің шөлді және таулы аймақтардан өзге жерлердің бәрі жоңғарларға өтті. Салыстырмалы түрде айтқанда, Қазақстанның батыс аймағындағы жерлер ғана аман қалды. 1723 жылы қазақ даласында әйгілі "Ақ мешін" деп аталған жұты болды . Бұл тарихи оқиғаны Ш.Құдайбердиев "Қалқаман-Мамыр" дастанында былай суреттейді:

Осы жол - бар қазаққа белгілі жол,  
"Ақтабан Шұбырынды" дегенің сол  
Жаяу жүріп табаны аппақ болып,  
Қорлық көріп қазақтың шұбарғаны ол.

Ш. Құдайбердиев қазақтың үштен екісі қырылғанын жазады.

"Ақтабан шұбырындының" Қазақ халқына тигізген зардабы, қайғы-қасіреті, аштығы мен қайыршылық халге душар етуі өте ауыр болды. Мыңдаған адам тұтқын болып айдалып кетті. Өлмей аман қалу үшін қайыңның сөлін ішкен. "Қайың сауған" деген сөз содан қалған. Қазақтар жылжып батысқа жетті. Орта жүз Самарқанд қаласының төңірегіне, Кіші жүз қазақтарының едәуір бөлігі Хиуа мен Бұқар хандығына көшіп кетті. Жоңғар шапқыншылығынан миграциялық (адамдардың тұрғылықты мекенінен әртүрлі себептермен басқа жерге қоныс аударуы, көшіп-қонуы) үрдіс орын алды.

Қазақ халқының басынан кешірген қасіретінің символы Қожаберген жыраудың "Елім-ай" атты зарлы жыры болды.

Қаратаудың басынан көш келеді  
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.  
Ел-жұртыңнан айырылған жаман екен  
Екі көзде мөлтілдеп жас келеді.

Батырлардың ерліктерін Үмбетей, Тәтіқара, Бұқар, Көтеш, Ақтамберді өз жырларына арқау еткен. Қазақтардың батысқа қарай жылжуы қарақалпақтармен, түркмендермен, өзбектермен, башқұрттармен, қалмақтармен дау-дамайға алып барды. Сібір және Орал казактарымен жағдайды қиындатып жіберді. Осы жағдайлар қазақ халқының Ресей сияқты алып елдің қармағына ілінуіне алып келді [2].

#### **Қазақтардың жоңғарлардан жеңілу себептері мен салдарлары:**

1. Қазақ хандығында ауызбіршілік болмады.
2. Жоңғарлар жақсы дайындалды. Қазақтар қыстаудан көктеуге көшіп шығар кез болды
3. Қазақтар жұтқа ұшырағани еді.
4. Жоңғарлар геосаяси жағдайды жақсы зерттеді. Қытаймен келісімге келді.
5. Жоңғарлар тұтқиылдан шабуыл жасады
6. Жоңғарлар жақсы қаруланған және соғыс қимылдарын қалай жүргізу керек екенін жақсы білді.

Сабакты түсіндіріп болғаннан кейін тыңдаушылардың білімін бекіту мақсатында төмендегі тапсырмаларды беруге, тапсырмаларды тақырыпқа байланысты түрлендіріп жасауға болады. Біздің тақырыпқа байланысты тыңдаушының есте сақтауын қабілетін дамытуда тоғыз тапсырма жасалды. Әр сабақтан кейін осындай тапсырмалар беріліп, тыңдаушылар жағынан оң нәтиже көрсетті.

#### **№1 ТАПСЫРМА**

##### **Тест**

##### **1. Тәуке ханнан кейін билікке келді:**

- А. Әбілқайыр
- В.Сәмеке
- С. Қайып**
- Д. Жолбарыс

Е. Болат

**2. Жоңғар мемлекеті құрылды:**

А. 1735 жылы

**В. 1635 жылы**

С. 1535 жылы

Д. 1835 жылы

Е. 1665 жылы

**№ 2 ТАПСЫРМА**

**Сандар, ғасырлар сөйлейді:**

1. 1723-1727 жж. -

**жауабы:**

2. 1722 жылы -

**жауабы:**

3. ХҮІІІ ғ басында -

**жауабы:**

4. 1635 жылы -

**жауабы:**

5. 1640 жылы -

**жауабы:**

**№3 ТАПСЫРМА**

**Тұлғалар**

1. Тәуке хан -

**жауабы:**

2. Иоган Густав Ренат

**№ 4 ТАПСЫРМА**

**Терминдер**

1. Жоңғар -

**жауабы: 1635 жылы құрылған мемлекет**

2. Сепаратизм -

**жауабы: өзінше бөлініп жеке билікке ұмтылуы**

қоныс аударуы, көшіп-қон

**№ 5 ТАПСЫРМА**

Сұрақтарға жауап жазамыз:

**1. Сыртқы жаулардың қазақ жеріне басып кіру себебі:**

(Жауабы: Хандықтың ішіндегі тұрақсыздық)

**2. ХҮІІІ ғасырдың басында қазақ жеріне қауіп төндіргендер:**

(Жауабы: 1.Еділ қалмақтары 2. Жоңғарлар 3. Башқұрттар 4. Орал казактары 5. Сібір казактары)

**3. Қазақ хандығына жоңғар шапқыншылықтарының себептері:**

(Жауабы: 1. Жоңғарлардың сауда жолы торабына бақылау орнатуға тырысуы

2. Алым-салық төлейтін тәуелді халықтың санын ұлғайту

3. Еділ қалмақтарымен байланыс орнату

4. Жергілікті тұрғындарды тәуелділікте ұстау

5. Шұрайлы жайылымдар мен сауда-қолөнер орталықтарын  
Оқиғаларды жылдарымен реттеп қоямыз:  
басып алу)

**№ 6. ТАПСЫРМА**

3. Қайып билік етті
4. Кенси қайтыс болды
2. Тәуке хан қайтыс болды
5. "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама"
1. Жоңғар мемлекеті құрылды
6. "Қалқаман-Мамыр" жыры жазылды

**№ 7. ТАПСЫРМА**

Тізбектеу арқылы оқиғаларды жаздырамыз:

Үлгі:

**1. Кім қайтыс болды?**

Жауабы: Тәуке хан [3].

**№ 8 ТАПСЫРМА**

Үлгі:

**Көк нүктенің орнына сөздерді қоямыз:**

1. Қаратаудың басынан..... келеді  
Көшкен сайын ..... бос келеді  
..... айырылған жаман екен  
Екі көзге..... келеді

**№ 9 ТАПСЫРМА**

|   |  |
|---|--|
| Қазақ, Жоңғар, Қытай хандары, ақын, жырау, батырларын бөліп жазамыз |  |
|---|--|

Сабақтың мақсаты қазақ диаспорасына тақырыпты тез қиын тақырыпты меңгерту болса, слайдтар, тірек сызбалар, суреттер, арқылы түсіндіру, көптеген тапсырмалар орындату жұмысымызды жеңілдете түседі. Біз тірек-сызбаларды күнделікті сабақта қолдана отырып, тыңдаушылардың ерекше қызығушылықпен жұмыс істей бастағанын байқадық. Оқытушылық күн сайын дайындықты, жаңашылдықты талап ететін мамандықтың бірі. Техника дамыған дәуірде өмір сүріп жатқандықтан жастардың қызығушылықтарын ескеріп, оларды жалықтырып алмайтындай білім беру іміз қажет.

|                                   |                                      |
|-----------------------------------|--------------------------------------|
| Қазақ хандары мен жырау, ақындары | Жоңғар, Қытай патшалары мен ақындары |
|-----------------------------------|--------------------------------------|

Қорыта келе, айтарымыз слайдтар, тірек сызбалар, суреттер арқылы түсіндіре отырып, тест және басқа да тапсырмалар арқылы біз бұл сабақта неге қол жеткіземіз:

1. Есте сақтау қабілеттерін жақсартамыз;

2. Көп тапсырмаларды орындау барысында сандар мен жылдарды шатыстырмауға;

3. Қазақ тілін жаңадан меңгеріп жатқан шетелдік тыңдаушыларға қатесіз жазуға көмектесеміз;

4. Сабақты әртүрлі етіп өткізу арқылы тыңдаушыларды жалықтырмаймыз.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Шетелдік тыңдаушыларға ежелгі Қазақстан тарихын оқытуда қолданылатын кестелер мен тірек сызбалар А., 2015 -3 б.

2. Құнапина Қ.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж., Махаева А.Ш. Қазақстан тарихынан әдістемелік-анықтамалық нұсқау. 2011-2012 оқу жылы. 58-бет.

3. Қазақстан тарихы: талапкерге арналған оқулық-тест/С.Ш.Талдахметов. Алматы: ШЫҢ-КІТАП, 2019-379 бет

### **МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ САБАҒЫН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫ ЕЛЖАНДЫЛЫҚ ҰСТАНЫМҒА ТӘРБИЕЛЕУ**

**Жиенбаева М.А.**

Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, №206 мектеп-гимназиясы  
тарих пәнінің мұғалімі, сарапшы

«Мемлекеттік идеологияның бізге аса қажет бір ірі бұтағы, қомақты тармағы – халықты, ұрпақты патриотизмге, отаншылдық, елжандылық рухқа елді, жерді сүюге, қорғауға жұмылдыру» - деп айқын жол көрсеткендей мектептердегі елжандылықты тарих сабағынан бастауымыз керек.

Қазіргі таңда қазақ халқы ұлттық жаңғыруда, егемен мемлекет ретінде қалыптасқан, өз бағыт-бағдарын, мақсат-мүддесін алға қойған шақта бұл аталған тақырып жан-жақты зерттелініп зерделенуде. Себебі, еліміз егемендік алған, бүгінгі таңда тарихымызды қайта қарап, ондағы бұрмалаулар мен ақтандақтарды зерделеу күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі десем қателеспеген болармын.

Мектептердегі тарих сабағының мәселесін жүйелі түрде зерттеп, мектеп оқушыларына, әрбір Қазақстандық Отансүйгіш жас жеткіншектерге қаншалықты керек екендігін, өмір бойы тарихи танудағы алғашқы сабақтың ерекшелік қасиеттің бай мұра болатындығын, сол негізде тарих пәнінің тарихнамасының дүниежүзілік өркениетке қосатын өзіндік үлесін анықтауға ниеттеліп отыр. Мектептерде тарих сабағын оқытуда оқушыларды елжандылық ұстанымға тәрбиелеуді нысанаға алып отырған мәселесі осы бүгінгі тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі. Оқушыларға тәрбие беруде әдіс-тәсілдерінің жан-жақты дамуына, мектеп тарихының сабақтастығы мен мұғалімнің тәрбиесіне арналған ұтымды жақтары барын көрсету.